

Астана қаласы әкімдігінің «№ 67
гимназия» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное
предприятие на праве хозяйственного
ведения «Гимназия № 67» акимата
города Астана

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

07 қыркүйек 2026 жыл № 122

Астана қаласы

город Астана

**2026-2027 оқу жылына арналған
тамақтану сапасының мониторингі
жөнінде комиссияны (бракераж комиссиясы)
құру туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 43-бабының 2-тармағының 11 тармақшасына, 48 және 48-1-баптарына сәйкес, «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру, мектептен тыс қосымша білім беру, сондай-ақ тауарларды сатып алу, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығымен бекітілген, сондай-ақ Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыру стандартының 3-тарауының 64, 66-тармақтарын орындау үшін мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларында, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР бұйрығымен бекітілген ДСМ-302/2020

ҚР «Астана» қаласы Білім басқармасы ММ-нің 2026-2027 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы және бір реттік құнын бекіту туралы бекітілген үлгілік ыстық тамақ перспективалы төрт апталық маусымдық мәзірді ұйымдастыру туралы 04.09.2026 жылғы №2342 бұйрығын орындау негізінде, асхана жұмысын және ыстық тамақтың сапасын қадағалау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026-2027 оқу жылында 1-11 сынып оқушылары үшін барлық қажетті санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, оқушылардың болу ұзақтығын ескере отырып, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен үлгілік перспективалық төрт апталық маусымдық ас мәзіріне сәйкес ыстық тамақ ұйымдастырылсын.

2. Қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі өкілдерінің, білім беру ұйымының медициналық пункті медицина қызметкерінің қатысуымен тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияның (бракераж комиссиясы) құрамы бекітілсін. Орта білім беру ұйымының басшысы комиссия төрағасы болып белгіленсін.

3. Тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияның (бракераж комиссиясы) 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары 1-кесте бойынша бекітілсін.

№	Аты жөні	қызметі
1	Ильясова Назира Аскаповна	Директор
2	Оналбаева Гульнар Беркаевна	ДТЖО
3	Нұртай Гүлфайра Қанатқызы	Әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі
4	Алжаппарова Айнура Егеубаевна	Әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі
5	Үрметова Ғазиза Маратовна	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
6	Стамкулова Айнаш Жумагадировна	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ата ана, комиссия мүшесі
7	Джокеева Гаухар	Ата-ана комитеті, комиссия мүшесі
8	Жағслағ Аамандық	Ата-ана комитеті, комиссия мүшесі
9	Утемиратова Гулсая Дулабайқызы	медбике, комиссия мүшесі
10	Абдуллаева Акжаркын	Ата-ана комитеті, комиссия мүшесі
11	Ахметова Жанар	Ата-ана комитеті, комиссия мүшесі

4. Тексеру айына 2 рет жүргізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі орынбасары
Г.Оналбаеваға жүктелсін.

Негіз: «Астана қаласы білім басқармасы» ММ-нің 04.09.2026ж. №2342 бұйрығы

Директор



Н.А Ильясова